



Бекітемін»

Жарөткел негізгі орта білім беретін
мектебінің директоры: Г.А.Алина Г.А.Алина
№ 1 «31» май 2023 жыл
Пед. кенесте қаралды



«Көлісемін»

Дүркін би аудандық білім бөлімінің ММ
басшысының мак. А.Т. Саметеев
2023 жыл

«Ұлттық құндылықтар»
(Белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабак)

Сыныбы: 2

Орындауды: Алина Г.А
(курс жетекшісі)

№ 1 хаттама «28» май 2023 жыл
Ә/Б отырысында қаралды: Алпысова Г.А
(Ә/Б жетекшісі)

Тексерілді: Жиеналы М.А
(Оку ісінің менгерушісі)

Түсінік хат

«Ұлттық құндылықтар» бағдарламасы мектептің 2-сыныбына арналып құрылған. Барлығы 34 сағатка жоспарланып жасалған.

Бұл бағдарлама окушылардың салт –дәстүр туралы білімін тереңдете отырып, ой - орістерінің дамуына, халқымыздың салт-дәстүрін сактауға, құрметтеуге және бағалауга баулиды. **Курстың ерекшелігі:** окушының өз-өзіне деген сенімділігін арттырады, өзін еркін үстай білуге баулиды, окушыларды шығармашылық жұмыстарға бағыттай отырып, ізденімпаздыққа үйретеді, салт-дәстүрімізді терең біле отырып, қазак халқының ұлттық мінез- құлқын, касиеттерін таниды. Ою – орнектерін, зергерлік ашекей бұйымдарын, қолөнерін коре отырып, өз бойларындағы кабілеттерін аша білуге ықпал етеді.

Максаты:

- қазак халқының бала тәрбиесіне байланысты әдет- гұрынтарын, тұрмыс – салт дәстүрлерін, ата кәсіп, әлеуметтік- мәдени салт – дәстүрлерін үйрету;
- окушының ой-өрісін, сойлеу тілін, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- өз бойларындағы кабілеттерін аша білуге ықпал жасау;
- окушыларды ұлттық салт - дәстүрімізді қадірлеуге, бағалай білуге тәрбиелеу;
- окушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту;

Міндеттері:

- ұлттық құндылықтар негізінде окушылардың мәдени күзіреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыда негіздеу;
- окушылардың мәдени күзіреттілігін қалыптастыруда ұлттық құндылықтарды пайдалану мүмкіндіктерін айқындау;

Бұл бағдарламаның мазмұны ғасырлар бойы атадан балага беріліп, ұрпактан - ұрпакқа жалғасып келе жаткан қазак халқының бала тәрбиесіне байланысты әдет- гұрынтары, тұрмыс – салт дәстүрлері, ата кәсіп, әлеуметтік- мәдени салт – дәстүрлерінен тұрады.

Жалпы оқу үрдісінің сипаттамасы, әдістері, жұмыстың түрлері:

- сөздік жұмысы, аныктамаларды, сөз үйрету техникасын қолдану.
- тіл дамыту жұмыстары.
- слайд, презентация жасау.
- ойындар, койылым, көрініс көрсету
- мұражайларға экскурсия
- заманауи талапқа сай киіз үйдің макеттерін жасау, қолөнер түрлерін жасап үйрену.
- оқыту мен оқуда АҚТ қолдану.
- оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер
- окушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.

Курс бағдарламасы бойынша күтілетін итіже:

Қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты әдет- гұрынтары, тұрмыс – салт дәстүрлері, ата кәсіп, әлеуметтік- мәдени, салт – дәстүрлерін тереңірек түсіну:

- Оз бетінине косымша мәғлұматтар іздей отырып, ойларын, білімдерін сарапау;
- Талқылауда өз ойларын ортага салу;
- Қолөнер түрлерін тәжірибеде жасаудың жолдары туралы өз ойларын толық жеткізу;
- Ұлттық қолөнерімізді заманауи талапқа сай жаңғыру, өмірде пайдалану;
- Ұлттық құндылықтарымызға ерекше құрметпен қарап, бағалай білу.

Мазмұндық болімі

Kіріспе.

Бұл болімде окушыларға қазақ халқының қалыптасқан әдет- ғұрыптары мен салт- дәстүрлерінің тәлім- тәрбиелік, білім- танымдық рөлі орасан зор. Адамның өмірге келген күнінен бастап, оның есейіп, картайып, о дүниеге кеткенге дейінгі өмірі мен іс - әрекеті, өмірдегі басқалармен қарым - катынасының барлығы – ұлттық әдет - ғұрыптар мен салт дәстүрлерден өзекті орын алып, адамның дүниетану көзкарасын қалыптастыратын үлкен тәрбие мектебі.

I - болім. Қазақ халқының бала тәрбиесіне байланысты әдет- ғұрыптары

Бұл болімде окушылар қазақ халқының ең үлкен салт - дәстүрлері: амандасу салты, ұлттық отбасы тәрбиесі, бала тәрбиесіне байланысты шілдехана, балага ат қою, бесік той, бесік жырлары, тұсау кесу, сұндат той, бауырына салу, асыран алу туралы білімдерін көнектеді. Өйткені қазақ халқы бала тәрбиесіне ерекше қоңіл бөлген.

II - болім. Тұрмыс – салт дәстүрлері. Бұл болімде киіз үй (сыйлы орын «тор»; үй иесінін орны; аспаздық болігі; отбасындағы жастар орны; ат-әбзелдер сактайтын орын; «босаға мен кіре бері»; киіз үйдін ортасы- ошак туралы әнгімелей), киіз үйдін жиһаздары, колонер түрлері, ұлттық киімдер мен ұлттық тағамдар туралы білімдерін толыктырады.

III - болім. Ата кәсіп. Халқымыздың ата кәсіптерімен таныстыру. Қазактың кошпел тұрмысындағы торт түлік маддың ерекше алатын орны туралы әнгімелей. Егіншілік, аңшылық, балық аулау кәсіптерімен таныстыру. Қазақтың ең коне ұлттық өнері – атбөгілік туралы үйрету. Құсбегілік өнердің кыр-сыры, алатын орны туралы әнгімелей.

IV - болім. Әлеуметтік- мәдени салт - дәстүрлер. Тұстық қарым – катынастар (улкенді сыйлау, кішіге камқоршы болу, «жеті ата», «жеті қазына», «жеті» саны т.б.) және оның ерекшеліктері туралы әнгімелей. Үйлену-үй болуга байланысты салт- дәстүрлер, конак күту, халықтың ұлттық мерекелерді өткізу. Ұлттық музикалық аспантары туралы окушының дүниетанымын көнектеді.

Жоба қорғау – I сағат

№	Сабактын тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны	Күні
1	Кіріспе. Амандасу салты	«Үлттық құндылықтар» атты курстың мазмұнымен, мақсатымен таныстыру. Қазақ халқының амандасу салтын білу, сактау	1	5.09
2	Шілдекhana	Сәби өмірге келгенде жасалатын ырым-тайымдар туралы білу, өмірде қолдану.	1	12.09
3	Балаға ат қою	Халқымыздың ат қою дәстүрлерін сактау.	1	19.09
4	Бесік тойы	Бесік тойына байланысты дәстүрлерді білу, өмірде қолдану.	1	26.09
5	Бесік жырлары	Бесік жырларын білу	1	03.10
6	Тұсай кесу	Тұсай кесуге байланысты дәстүрлері білу, сактау	1	10.10
7	Сұндет той	Сұндет тойдың маныздылығын, денсаулыққа пайдасын білу;	1	17.10
8	Тілашар тойы	Тілашар тойы арқылы баланың білімге дегенінгіасын, қызығушылығын арттыру.	1	24.10
9	Атқа мінгізу тойы	Халқымыздың ұмыт болған салт - дәстүрін еске түсіру, окушының танымдық қабілетін дамыту.	1	07.11
10	Тілашар тойы	Тілашар тойы арқылы баланың білімге дегенінгіасын, қызығушылығын арттыру.		14.11
11	Киіз үй. Киіз үйдін түрлері	Киіз үй, киіз үйдін түрлерімен таныстыру. Киіз үйді заманына сәйкес жаңғырту.	1	21.11
12	Қара шанырак	Қара шанырақтың қадірін білу, қара шаныракты құрметтеу.	1	28.11
13	Колөнер. Колөнердін түрлері	Халқымыздың колөнер түрлерін білу, колөнерімізді заманға сәйкес жаңғырта білу.	1	5.12
14	Үлттық киімдер	Үлттық киімдерімізді насиҳаттау, заманға сәйкес жаңғырта білу	1	12.12
15	Ою. Оюдың түрлері	Үлттық ою-өрнектеріміздің түрлерін білу, ою-өрнектеріміздің сырын түсіну.	1	19.12
16	Коржын	Коржын тігіп үрлену, коржының ерекшелігін, тәрbiелік мағынасын білу.	1	26.12

17	Қазақ дастарханы	Қазақ дастарханының ерекшелігін, тәрбиелік мағынасын білу.	1	09.01
18	Төрт түлік	Төрт түліктің аттарын білу, төрт түлікке байланысты тақпактарды жатқа айту.	1	16.01
19	Қазақтың егіншілік кәсібі	Қазақтың егіншілік кәсібі туралы айта білу	1	23.01
20	Аңшылық кәсібі	Аңшылық кәсіптің тәрбиелік мәні туралы айта алу	1	30.01
21	Балық аулау кәсібі	Халқымыздың балық аулау кәсібінің ерекшелігін білу	1	06.02
22	Тұыстық қарым –қатынастар	Тұыстық атауларды білу, тұыстық қарым –қатынастарды сактауга тәрбиелеу	1	13.02
23	Жеті ата	Жеті атаны білудің маңыздылығын түсіну	1	20.02
24	Жеті қазына	Жеті қазынаны білу	1	27.02
25	Қонақты қарсы алу мен күту рәсімдері	Қонақты қарсы алу мен күту рәсімдерін білу, қонақты дұрыс күте білуге тәрбиелеу	1	05.03
26	Шешендей сөздер	Шешендей сөздердің мағынасын түсіну, үзінділер жаттау	1	12.03
27	Айтыс	Айтыс өнерінің ерекшелігі, тәрбиелік мәні туралы білу.	1	19.03
28	Наурыз мейрамы	Наурыз мейрамының ерекшелігі, маңызы туралы білу; наурыз мейрамына байланысты өлендерді жатқа айта алу.	1	02.04
29	Ұлттық ойындар және оның түрлері	Ұлттық ойындарымызды және оның түрлерін дәріптеу, сактау.	1	09.04
30	«Асық» ойыны «Тоғызқұмалақ» ойыны	«Асық» ойынын ойнай білу, жаңғырту «Тоғызқұмалақ» ойынын үйрету, насихаттау	1	16.04
31	Салт дәстүр, әдет тұрьшыларды қайталау	қайталау	1	23.04
32	Ұлттық валюта тенге		1	30.04
33	Эссе «Ұлттық құндылығым»		1	14.05
34	Ұлттық құндылықтарға сай жоба қорғау		1	21.05
	Барлығы		34	

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 С.Қалиев, М.Оразаев, М.Смайлов. Қазак халқының салт-дәстүрлері. Алматы, «Рауан», 1994ж.
2. Әбділдабеков М. «Қазак халқының тұрмыс салты». Қазақстан мұғалімі. 1990ж
- 3.Наурызбаева Р. «Халықтық педагогиканың этнологиялық бағыттары» Қазақстан мектебі 2008ж.
- 4.Этнопедагогика. Республикалық ғылыми - әдістемелік журнал. 2009ж.
5. Сағындыков Е. Қазақтың ұлттық ойындары «Рауан» 1991ж.
- 6.Аргынбаев Х.А. Қазак халқындагы семья мен иеке. Алматы, «Ғылым», 1973ж.
7. Наурызбаева Р. «Халықтық педагогиканың этнологиялық бағыттары» Қазақстан мектебі 2008ж.
8. Габдуллин М. Қазак халқының ауыз әдебиеті. Алматы, «Мектеп», 1987ж.
9. Жанұзаков Т. Есіміңіз кім? Алматы, «Жазушы», 1989ж.
10. Измайлова А.Ә. Народные педагогики Средней Азии и Казахстана. Алматы, «Педагогика», 1991ж.
- 11.Омирбекова М.Ш. «Традиционная культура казахов». Алматықітап. 2004ж.
12. «Мәңгілік ел» идеясы - ұлттық идеология. Болашакқа бағдар: рухани жаңғыру

Косымша

Шығармашылық жұмыстардың, жобалардың тақырыптары:

- 1.Реферат, буклет, Альбом, Презентация Power Point «Әдет-ғурып», «Салт-дәстүрлер», «Қолонер»,«Ұлттық тағамдар»,«Ата кәсіп», «Ұлттық ойындар» модульдері бойынша.
 - 2.Тақырыптық презентация, корме, оқулық жоба «Сөзжұмбактар», «Шілдехана», «Тұсау кесу тойы», «Үйлену тойы», «Киіз үй», «Зергерлік бұйымдар», «Қызың күн».
 - 3.Шығармалар, эссе: «Маган ұнайтын салт-дәстүр», « Жеті атаны неге білу керек?», «Мен қатысқан той», «Оюлар сойлейді», «Асық ойындары»
 4. Модельдер жасау: Киіз үй
 5. Мұражайларга экскурсия
- Практикалық жұмыстар:
1. Шанырақ жасау
 2. Кереге жасау
 3. Киіз үй жасау
 4. Оюлар ою
 5. Коржын тігу
 6. Сәукеле жасау
 7. Сандықша жасау
 8. Бесік жырларының жинағын жасау
 9. Ыдыстарға ою салу

Интернет ресурстар:

Амандасты: <https://www.youtube.com/watch?v=IZ6sjXMATEQ>

шілдехана : <https://www.youtube.com/watch?v=fbrTiDHryIk>

Бала тәрбиесі : <https://bilim-all.kz/article/1945>